

АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІ МЫРЗАҒАЗЫ ЕСБОЛОВ

Мешітхан Ақжол, «Тарих» мамандығы 4 курс студенті
Ғылыми жетекші: Phd докторы **Байдалы Рауан Жомартұлы**
Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік
педагогикалық университеті, Қостанай қ.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Тарих толқынында» атты кітабында Алаш зиялылары туралы айта келіп, «сол айтулы есімдердің білімдарлық пен азаматтық тәлімдерінде кейде көріне бермейтін де арналар бар. Оның бағасын ұрпақтары, бүгінгі қазақ зиялылары беруге тиіс. Бұл –тарих толқынындағы мәдениетіміздің кіндік тұлғалары», - деп жазды [1, 156 б.]. Осындай білімдар Алаш зиялыларының бірі педагог, Түркістанда жерге орналастыру мәселесімен шұғылданған ғалым, журналист, мемлекет қайраткері, әскери қолбасшы, аудармашы, дәрігер, Алаш партиясының белді мүшесі Мырзағазы Есболов.

Мырзағазы Есболов 1891 жылы Торғай облысы Қостанай уезі Аманқарағай болысының №4 Жолдыбай ауылында (қазіргі Қостанай облысы Әулекөл ауданы Аманқарағай ауылында) дүниеге келген. Арғын тайпасы Өтей руынан шыққан. Ол жастайынан өнер, білімге құштарлық танытқан, ауылда оқып, зеректігі мен ұлттық сана сезімі ерте оянған қазақ жастарының өкілі болды. Қостанайдағы екі кластық қазақ-орыс училищесінде оқыған. Білімін кеңейту үшін Орынбор қаласындағы мұғалімдер семинариясына оқуға түсіп, оны төрт жыл оқып бітіріп шығады. Сонда оқып жүргенде түрлі газет журналдарға мақала жариялап тұрады. Кейіннен Герцен атындағы Санкт-Петербург педагогикалық институтында оқиды. 1916-шы жылға дейін мұғалімдік қызмет атқарады [2, 24 б.].

1916-шы жылы қарашада ол қызметтен шығып, «Қазақ» газетінің үндеуі бойынша майдандағы тыл жұмысында жүрген қазақтарға көмектесу үшін Орынборға келеді. Орынбордан Ахмет Байтұрсыновтың нұсқауымен Мәскеудегі Әлихан Бөкейхановқа жолығады. Бөкейхановпен бірге Минскіге келіп жұмысшы қазақтардың жағдайын зерттеуге тапсырма алады. Зерттеудің негізінде баяндама дайындап комитетке ұсынады. Басты талаптарының бірі – орыс бөлімі сияқты комитеттің жанынан қазақ жұмысшылары бөлімін ашуды ұсынады. Алғашында Минскідегі бұратана бөлімінің басшысы Әлихан Бөкейхановтың орынбасары қызметін атқарса кейіннен Киевте ашылған бұратана бөлімінің бастығы болады. 1917 жылы тыл жұмысынан қайтатын топтың тізімін жасап үйлеріне жеткізуді ұйымдастырады. Өзі соңғылардың бірі болып елге оралады. Бұл мәліметті Ұшқын газетінің редакторы, журналист, бұратана бөлімінің қызметкері Тамир Сафиевтің естелігінен көре аламыз. «Июль айының аяқ кезі, өткен жылы Орынборда қалған бір нәрселерім бар еді, соны алып қайтайын деп Орынборға жүріп кеттім. Орынборға бара жатып жолда Сызрань станциясында Мырзағазы Есболовты ұшыраттым. Ол Минскідегі Бұратана бөлімін таратып жауып қайтып келе жатқанын жұмыстағы жігіттердің қайтып болғанын айтты» [3, 9 б.].

1917 жылы елге келгенне Алаш партиясының жұмысына белсене араласады. Бөкейханов комиссарлық қызмет атқара жүріп өзінің артынан ерген, әсіресе майдандағы бұратана бөлімінде бірге болған белсенді жас Мырзағазы Есболовты Богуруслан уездік комиссарының орынбасары етіп тағайындайды. 1917 жылы қазақ съездерін ұйымдастыруға қатысады. Сол жылы Торғай облыстық қазақ құрылтайы өтті. Мырзағазы Есболовты төраға етіп сайлады. 1918 жылы Самарада өткен Орынбор, Башқұрт және Сібір үкіметтері құрылтайына Алашорда үкіметі атынан қатысады.

Алаш қозғалысы большевиктік қысыммен тоқтатылғаннан кейін, 1919 жылғы сәуірдегі Кеңес Өкіметінің «кешірімін» пайдаланып, 1920 жылдан бастап Мырзағазы жаңа қоғамның шаруашылық басқару жұмыстарына кірседі. Орынборда аялдауға болмайтынын

біліп, 20-жылдардың басында-ақ қуғын-сүргіні азырақ Түркістан автономиялы республикасының орталығы Ташкентке қоныс аударды. Мұнда Жер-су комиссариатында, Мемлекеттік сауда басқармасында, қырғыз (қазақ) мектептері білім беру бөлімінде, жауапты қызметтер атқарды [2, 128 б.].

Негізгі жұмысымен қабат М.Есболұлы шығармашылық жұмыстармен де айналысты: «Ақ жол» газетінің жанашыры болды, 1922 жылы дүниеге келген мәдениет көркейтушілердің «Талап» атты қауымның басқарма мүшесі ретінде көзге түсті. «Талап» ұйымының жәрдемімен қаладағы оқығандар мен шәуірттерге Ы.Алтынсарин жөнінде, ағартушының қилы тағдыры мен шығармашылығы туралы дәріс оқып, пікір алмасу сабақтарын өткізді. Мырзағазы Есболов аудармашылық қабілеті арқасында ресейлік профессор Д.Кудрявскийдің «Как жили люди в старину» атты танымдық зерттеу кітабын «Арғы мәдениет» деген атпен аударып шықты. Сонымен Қатар белгілі ғалым Ю.Вагнердің «Разказы о воде» ғылыми еңбегін «Су хақындағы әңгімелер» деген атаумен аударады. Бұл кітаптар 1924 жылы Түркістан мемлекеттік баспасынан Ташкентте көрді.

М.Есболұлы Сталиндік қудалауға 1929 жылы түсті. Өзіне тағылған жалған айып жөнінде ол: «Орта Азия ауылшаруашылығы банкісінің иесіздік ісі бойынша тергеуде отырмын. Тергеуге Басқарманың екі құрамы ғана тартылыпты. Банк жарғысына сәйкес, ұжымдық жауапты абақтысы». Бұдан аңғарылатыны: НКВД Мырзағазыны қолға түсіру үшін әйтеуір бір желеуді ойлап тапқан. Сөйтіп ол «Голощекинге қастандық жасауды ойластырған топқа» (ойдан қиюластырған істің бірі) қосақталып кете барған. Соңғы «қылмыстық іс» бойынша 44 азамат тұтқындалыпты. Олардың ішінде А. Байтұрсынұлы, М.Жұмабайұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Дулатұлы т. б. азаматтар бар еді. 1929 жылы 16 тамызда олар Алматы түрмесінен Мәскеудің Бутырка абақтысына айдалды. 1930 жылы 4 сәуірде Біріккен саяси Бас басқарманың алқасы (коллегия) 13 кісіні ату жазасына кесті. Осы жазаны алғанның арасында белгілі азаматтардан Ахмет, Міржақыптан кейін Мырзағазының есімін көреміз. Бірақ 1931 жылы 13 қаңтарда жоғарыда аталған алқа үкімі кейбір азаматтар үшін бұзылып, оларды 10 жыл мерзімге жер аударған. Мырзағазы мен Міржақып Ақ теңіз – Балтық каналының бойындағы Сосновец стансасына, әйгілі Соловкиге айдалған. М.Есболұлының осында жүріп, фельшерлік курстардан өтеді. Басында көмекші фельшер, кейіннен лагер лазератының меңгерушісі болады. 1934 жылы бір саяси науқанның кезінде көппен бірігіп түскен суреті сақталған. Міржақып 1935 жылы қазан айында лагерьдің лазеретінде науқастан қайтыс болады [4, 135 б.]. Мырзағазы ардақты ағасын, жерлесін, идеяласын ақтық сапарға шағарып салады. Мырзағазы Есболов мерзімі айақталғанна соң да осында қалып қызмет ете береді. 1937 жылы репрессия оты шалып қайта тұтқындалады. 1938 жылы Ленинградта «Ерекше Үштіктің» шешімімен атылады. 1960 жылы Ленинград қалалық соты Президумының қаулысымен ақталады. [5, 2 б.].

Мырзағазы Есболұлының соңында қалған елеулі еңбек – оның «Түркістанда келімсектер орналған аудандарда жер мәселесі» атты зерттеу кітабы. Бұл кітапты 1923 жылы Ташкенттегі Түркістан мемлекеттік баспасы шығарған. Таралымы - 2500 дана.

М. Есболұлының аталған еңбегі ұзақ жылдар «жабық кітаптар» санатында шаң басып жатты. Ол жөнінде Диқан Қамзабекұлы 68 жылдан соң алғаш шағын үзіндісін 1991 жылы 15 маусымда «Социалистік Қазақстан» (қазір «Егемен Қазақстан») газетіне «Келімсектер Түркістанға қалай қоныстанды?» деген атпен жариялады. Осы үзіндіні М. Аққозин орысша аударып, «Голос Азии» газетіне (№ 7, июль, 1991) бастырды.

1917 жылғы қазан айында Ресейде жасалған саяси төңкерістен соң бірер жылдың ішінде большевиктік диктатура мықтап орнағаннан кейін, кешегі отарлау жаңа сипат алатынын зиялылар жақсы түсінді. «Елді жаппай ағарту» ұраны көтерілген шақта ұлт оқығандары мүмкіндікті пайдаланып, жұрттың шындыққа көзін жеткізетін, оң-солын танытатын еңбектер жазды. М.Есболұлының «...Жер мәселесі» атты кітабы осы мақсатта туды.

1923 жылы 1 наурызда жазған «Жазушыдан» аталынатын кіріспе сөзінде автор: «Санжар Аспандиярұлы мен Ораз Жандосұлы маған «Түркістанда келімсектер орнаған

аудандарда жер мәселесі» жайынан осы кітапты жазып бер дегендіктен, жұмысқа шұғыл кірісуге тура келді», - дейді. «Дәм айдап Түркістанға келген соң жер жұмысына кірісіп, жер мәселесімен үш жылдан бері байланысып қалған сияқты болдым. Сондықтан жолдастардың өтінішінен қол үзіп кете алмадым.» деп жазады. Мырзағазы Есболұлы жер мәселесін жетік білген. Алғы сөз соңында ол: «Аспандиярұлы, Жандосұлы, Тынышбайұлының көрсеткен жол-жөнін пайдаланғаным үшін бұларға алла разы болсын айтамын», [6, 218 б.] - деп қаламгерлік иба танытады.

Кітап бес бөлімнен тұрады. Кейбір бөлімдер іштей тармақталған. Бірінші бөлім «Түркістанда келімсектер орнаған аудандарда жер мәселесінің жайынан бір-екі сөз» деп аталады. Мұнда қаламгер отаршылдардың Түркістанда жүргізген жер саясатының мәніне үңіледі. Өзекті мәселелерді шынайы жазады.

Екінші бөлім «Түркістанда жер пайдалану реті (1920 жылға шейін)» деген атпен берілген. Бұл бөлімде автор патша өкіметі жүргізген отарлау саясатының себеп-салдарына, «жер өлшеушілердің» зымиян әрекетіне тоқталады. Осы бөлім «Түркістанда қазақ-қырғыз аудандарына іштен келімсектердің орнауы, онан шыққан нәтиже» және «Түркістанның отырықшы ауданында жер мәселесі» атты тармақтарға бөлінген. Тармақтарда жер жағдайы, халықтың орналасу тығыздығы, әлеуметтік дәрежесі әр түрлі көшпелілер мен отырықшыларды ата қонысынан ығыстыруда патша үкіметінің қолданған іс-шаралары сөз болады.

Үшінші бөлімнің аты – «1920 – 1921 жылдардағы жер түйінін шешу жұмысының жоспары (програмы)». Қаламгер мұнда әбден ушыққан, оңай шешілместей шие байланған жер мәселесін реттеу үшін Кеңес өкіметінің бастапқы жылдарында жасалған талаптарға талдау жүргізеді. Бөлім «Жер жұмысының жүргені, одан шыққан нәтиже», «Кедейлер ұйымының түзілісі», «Түркістанда жер жұмысынан (жер реформасынан) жергілікті халықтардың еңбекшілері қандай пайда қылды?» атты төрт тармақтан тұрады. Бұларда зерттеуші жер саясатымен айналысатын жаңа мамандардың игі ізденісін нақты мысалдармен көрсетіп, жіберген қателерін де жасырмай айтады.

Төртінші бөлім «1922 жылғы жұмыс» деп аталады. Автор мұнда баспасөзде жарияланған статистикалық мәліметтерге сүйене отырып, бір жылдың ауқымында атқарылған істер жөнінде тұжырымдар жасайды. Осы бөлімде қаламгер «Жер хақында шыққан Негізгі Заңның» мақсат-мазмұнына тоқталады.

Соңғы бөлімінің аты – «Алдағы істемелік жер жұмыстары». Бұл бөлімде автор келешекте атқарылуға тиіс істерді өзінше жүйелейді. Осы ретте ол Түркістан республикасы Жер-су комиссариатының нақты іс-жоспарларына арқа сүйейді.

Кітап қорытындысы ретіндегі «Сөз аяғында» М.Есболұлы жер мәселесін қалай зерттегенін, оның қай тұсына терең бойлай алмағанын, жалпы осы зәрулікті толық шешудің жөнін айтады.

Еңбек соңында ғылыми зерттеулерге сай пайдаланылған әдебиеттер берілген. Сондай-ақ кітапқа қосымша «1923 жылы жүзеге асырылмақшы жер жұмысының жоспары» ұсынылған.

М.Есболұлының «Түркістанда келімсектер орнаған аудандарда жер мәселесі» зерттеуі - ғылыми аппараты бар, сілтемелері нақты, деректері нанымды, тілі түсінікті еңбек. Бұған қарап, Мырзағазы ғылыми жұмыстарды көп оқып, өз бетінше ізденген деп түюге болады. Зерттеуде патша үкіметінің жарлығы, ережесі, отаршы саясаткерлер Столыпин, Крюков, Кауфман пікірлері, Гавриловтың «Түркістандағы келімсектер ісі», Васильевтің «Жетісу жері – отар орны», Чиркиннің «Түркістандағы жер мәселесі туралы мағлұматтар» атты кітаптарындағы деректер, кеңес өкіметі шығарған заңдар еңбек мұратына сәйкес талданады. Автор нақты деректерге табан тірейді отырып, Түркістанды отарлау барысында 1891 жылға шейін мұнда 25 ірі поселке түссе, 1915 жылы бір ғана Жетісуда бұл сан 600-ге дейін күрт өскенін көрсетеді де, осы өсімнің сырын, құпиясын оқырманға паш етеді.

Қорыта келе, Мырзағазы Есболұлы «Түркістанда келімсектер орнаған аудандарда жер мәселесі» атты еңбегі – жер саясаты тарихына ғылыми сипаттама берген қазақтың алғашқы

кітаптарының бірі. Осы арқылы Мырзағазы азаматтық тарихымызда ғылыми әдебиеттің қалыптасуына үлес қосты.

Мырзағазы Есболов көрнекті ғалым, тәжірибелі ұстаз болуымен бірге білікті журналист және аудармашы, мемлекет қайраткері еді. Осындай зиялы, білікті де алаш қайраткерінің есімі бұл күнде көп атала бермейді. Ал оның өз өмірінде еліне, туған халқына жасаған еңбегі мол.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих Толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. - 296 б,
2. Булатова Д. Есполов. 90 лет спустя. – Алматы: Үміт, 2013. – 232 с.
3. Әннес Ф. //Қаламмен қызмет еткен арыстар//. Ана тілі, 2017. № 28.
4. Дулатова Г.М. Алаштың сөнбес жұлдыздары: - Алматы: Мектеп, 2010. – 360 б.
5. Оспанов Қ. //Ұлтына Қызмет Еткен Алаш қайраткері Мырзағазы Есболов туралы сөз//. Қостанай Таңы, 2015. №8.
6. Қамзабекұлы Д. Руханият: - Алматы: Атамұра, 1997. – 265 б.

ЖҮСІП БАЛАСАҒҰННЫҢ «ҚҰТТЫ БІЛІК» ДАСТАНЫНДАҒЫ АҚЫЛ-БІЛІМ ТУРАЛЫ ОЙЛАР

Оразалиева Гулжайна, «Тарих» мамандығының 4 курс студенті

Ғылыми жетекші: тарих ғылымдарының докторы, профессор **А.Күзембайұлы**

Ө. Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогика университеті

*Біліксіздің тілін тиған жән болар,
Білімдінің сөзін жисан жән болар...
Ж.Баласағұн*

Білімді ұрпақ тәрбиесі қай қоғамның, қай заманның болмасын басты мәселесі екені барлығымызға белгілі. Жаһандану процесінде ел болашағын ойлайтын, жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдениеті мен ғылыми өресі озық азамат тәрбиелеу – қоғам алдындағы міндет. Білім - бүгінгі жастардың алдына қойған негізгі мақсаттарының бірі болуға тиісті. Түркі даласында, көне түркі халықтарының ішінде білім алуға, жас ұрпаққа білім беруге көңіл ерте заманнан-ақ бөлінген. Мәселен, орта ғасырдың алғашқы дәуірінде орталық Азияны мекендеген ру-тайпалардың ішінде Әбу Насыр әл-Фараби, Ахмет Яссауи, Ахмет Йүгінеки, Махмут Қашқари сынды ғұламалар өзінің ғылым, білім туралы еңбектерімен белгілі болды. Соның бірі - Жүсіп Баласағұн.

Жүсіп Баласағұнның өмірі мен еңбектеріне көптеген ғалым-жазушылар, тарихшылар қалам тартты. Атап айтар болсақ, ертеректе Хамер-Пругшталь, В.В. Радлов ғылыми айналымға енгізуге үлесін қосып, орыс тіліне ХХ ғасырдың орта шенінде С.Е. Малов, Н.Гребнев және 1983 жылы С.Н. Иванов «Құтты біліктің» толық аудармасын жасайды [1, 14 б.]. Жүсіп Баласағұн поэмасын зерделеуші ғалымдар қатарына Танджей, А.Бонбачи т.б., орыс шығыстанушылары В.В.Бартольд, И.Бородин, А.Кононовтарды қосамыз [2, 63 б.]. Сонымен қатар қазақ зерттеушілері: Р.Бердібаев, К.Жарықбаев А.Дербісалиев және 1986 жылы қазақ тілінде шығарылған аударма авторы Асқар Егеубаевты айтуға болады [3, 110 б.].

Жүсіп Хас Хажыб Баласағұн – түркі халықтары тарихындағы қайта өрлеу дәуірінің аса көрнекті ақыны, есімі күллі шығыс елдеріне мәшһүр болған данышпан – ойшыл, атақты ғалым, белгілі қоғам және мемлекет қайраткері. Жүсіп Баласағұн есімі кезінде Шығыс пен Батыс елдерінде орта ғасырдың атақты ғалымы, нақтырақ айтсақ, философия, математика, медицина, астраномия, тарих, тіл білімі, әдебиеттану және т.б. ғылым салаларын жете меңгерген ғұлама ретінде жақсы мәлім болған. Әйтсе де, Жүсіп Баласағұнның есімін әлемге танытып, тарихта мәңгілік өшпестей жазып қалдырған бірден-бір туындысы – «Құтты білік»